



Автор: ЖҰМАҒАЛИЕВА НҰРГҰЛ НҰРЖАНҚЫЗЫ

Пән: Математика

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Көбейту мен бөлудің ауызша амалдары

Тақырып: Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу/ Ерте замандағы тарих пен мәдениет

Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу/ Ерте замандағы тарих пен мәдениет	Оқу мақсаты 4.1.2.12** нөлмен аяқталатын көптаңбалы санды жазбаша көбейту мен бөлудің алгоритмін қолдану; Күтілетін нәтижелер Барлық оқушылар: -нөлмен аяқталатын көптаңбалы санды жазбаша көбейту мен бөлудің алгоритмін біледі. Көптеген оқушылар: -нөлмен аяқталатын көптаңбалы санды жазбаша көбейту мен бөлудің алгоритмін қолдана алады; Кейбір оқушылар: - нөлмен аяқталатын көптаңбалы санды жазбаша көбейту мен бөлудің алгоритмін құрастыра алады. Тілдік мақсаттар Оқушылар: -нөлмен аяқталатын көптаңбалы санды жазбаша көбейту мен бөлудің алгоритмін түсіндіру. Пәндік лексика және терминология: -алгоритм, көбейту және бөлу компоненттерінің атауы. Диалогке/жазуға қажетті пайдалы фразалар топтамасы Талқылау:Білетін алгоритмдермен салыстырыңыз. Ұқастығы мен айырмашылығы қандай?
--	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Нөлдермен аяқталатын көптаңбалы сандарды жазбаша бөлу/ Ерте замандағы тарих пен мәдениет (05.11.2019.)	Жоспарланған уақыт Жоспарланған іс-әрекет Ресурстар Қызығушы-лықты ояту Ынталандыру Мұғалім 1-тапсырманы (нөлмен аяқталатын сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындау) ұсынады. Балалар есепті шығарып, адамзаттың өткен өмірін зерттейтін ғалымның археолог маманы екенін анықтайды. Өзектендіру 1-тапсырма нөлмен аяқталатын сандарды ауызша көбейту мен бөлуді еске түсіреді. Мақсат қою 2-тапсырмада проблемаға тап болады. Сабақтың мақсатын қойыңдар: нөлмен аяқталатынкөптаңбалы сандарды жазбаша көбейту мен бөлуді үйрену. Оқулық,дәптер Бұл әдіс таныс па? Бұрынғы білетінімізден айырмашы-лығықандай? Мағынаны тану Жаңаны ашу (Ж) Түсіндіре отырып алғашқы бекітуүшін оқушыларға 3-тапсырманы пікірлесе отырып, шешуді және шешуінтексеруді ұсынады. № 3 $548\ 100 : 90 = 6\ 090\ 3\ 260 \cdot 300 = 97\ 800\ 326\ 840 : 40 = 8\ 171\ 12\ 300 \cdot 80 = 984\ 000\ 4\ 200 \cdot 70 = 294\ 000\ 127\ 800 : 200 = 63932\ 100 \cdot 30 = 96\ 300\ 196\ 000 : 700 = 280$ (Ж) Өзіндік жұмыс Мұғалімдәптердегі тапсырманы орындауды ұсынады. Алдыңғы өтілгентақырыппен жұмыс № 4 $x + 60 = 54\ 000 \cdot 3\ 360 + x = 125\ 200 : 20\ x = 162000 - 60\ 360 + x = 6260\ x = 161\ 940\ x = 6260 - 360\ x = 5\ 900$ (Ж) 5-7-тапсырмалар жұппен орындалады. № 5 Оқушылар былай талдайды:Ауданның ұзындығын анықтаймыз: $250 + 150 = 400$ (м) – қазба жүргізетінауданның ұзындығы. Тіктөртбұрыштың ауданын табуға арналғанформуланы пайдаланып, барлық қазылған ауданды табамыз. $400 \cdot 250 = 100\ 000$ (м2) – зерттелген алаңның ауданы. Есептің шарты бойынша бестенбір бөлігі зерттелген. Оны табу үшін, осы санды 5-ке бөлуіміз керек. $100000 : 5 = 20\ 000$ (м2) – зерттелген. Зерттелмеген алаңның ауданынтабамыз. $100\ 000 - 20\ 000 = 80\ 000$ (м2) – зерттеу керек. Зерттелгенізерттелмегеннен неше кем екенін табамыз: $80\ 000 - 20\ 000 = 60\ 000$ (м2) –осынша кем. № 6 тапсырмада артық мәліметтерді анықтайды. (а)бөліміндегі артық мәлімет – жолдың басталу уақыты, өйткенівелосипедшінің жолдағы уақытын ғана табу сұралып тұр. а) $200 : 20 = 10$км/сағ велосипедшінің жылдамдығы. ә) бөлімінде артық мәлімет жоқ. ә) $38 \cdot 6 = 228$ (км) – автокөлік жүріп өтті. Тағы қанша километр жол жүруікерек екенін білу үшін, жалпы арақашықтықтан 6 сағатта жүргенжолдарын азайту керек. $280 - 228 = 52$ (км) – әлі жүруі қажет жол. № 8.Оқушылар былай талдайды: Қоршаудың ұзындығы тіктөртбұрыштыңпериметріне тең. Периметрді табу формулаларының бірін пайдаланып,оның мәнін табамыз: $(3\ 200 + 2\ 400) \cdot 2 = 11\ 200$ (см) – периметр. $11\ 200 \cdot 4 = 44\ 800$ (см) – 4 қабат сымның ұзындығы. Жауабы: 448 метр сым темір. 9-тапсырма зерттеуді қажет етеді. «Археологтердің екі тобында 45 адам болды. Бірінші топтан 9 адам, екіншісінен 14 адам кеткенде, екі топтағы адамдар саны теңесті. Бастапқыда екі топтың әрқайсысында қанша адамнан болған?» Оны былай талқылауға болады: Екі топтан да адамдар кеткенде қалған адам саны: $45 - 9 - 14 = 22$ (а) – 2 топта қалған адам саны, Есептің шарты бойынша екі топта адамдар теңесті. Әр топта қалған адамды табу үшін 2-ге бөлеміз: $22 : 2 = 11$ (а) – әр топтағы адам саны. Әр топта бастапқыда неше адам болғанын анықтаймыз. Ол үшін соңғы адам санына кетіп қалған адамдар санын қосамыз: $11 + 9 = 20$ – бірінші топтағы адам саны. $11 + 14 = 25$ – екінші топтағы адам саны. Оқулық. Дәптер №7 $72 - 34 = 15\ 42 + 300 = 316\ 42 + 351 = 367\ 22 + 400 = 404\ 702 - 34 = 4\ 866\ 402 + 300 = 1\ 900\ 402 + 351 = 1\ 951\ 202 + 400 = 800$ Рефлексия Ата. «Нөлмен аяқталатын сандарды жазбаша бөлу алгоритмін атаңыз». Неліктен. Неліктен нөлдерді алып тастау ыңғайлы? Түсіндір. Бөлінді мен бөлгіштегі бірдей нөлдердің санын қалай қысқарту керектігін түсіндір. Үй тапсырмасына беріліп отырған № 10 тапсырма жаңа сабақты бекітуге арналған. $610 \cdot 700 = 427\ 000\ 2\ 600 \cdot 40 = 104\ 000\ 5\ 050 \cdot 50 = 252\ 500\ 5\ 900 \cdot 80 = 472\ 000\ 67\ 200 : 700 = 96\ 252\ 000 : 9\ 000 = 28\ 3\ 150 : 90 = 35\ 348\ 000 : 600 = 580$	
---	---	--